

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ

«Сапалы білім беру Қазақстан индустрияландырылуының әрі инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». 2011 жылдың 28 қаңтарында Ұлт көшбасшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған осы сөз республикадағы барлық жоғарғы білім беру мекемелерінің алдағы міндетін айқындап бергендей болды. Ол міндет – еліміздің индустриалды-инновациялық дамуын қамтамасыз ететін сапалы білім мен жоғарғы адами құндылықтарға негізделген тәрбиені ұштастыра отырып, білікті әрі білгір, рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, өз ісінің маманы болар тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі кезде «сапалы білім беру» тіркесі өте жиі айтылады, ол дұрыс та. Жаһандану, ақпараттану заманы орын алған бүгінде қоғамдағы адам капиталын дамытудың басты факторы білім болып табылады. Экономиканың дамуы да адам капиталының саны мен сапасына, әлеуеті мен білімділігіне байланысты. Сондықтан осы салаға инновациялық технологиялар мен оқытудың жаңа әдістерін енгізу арқылы берілетін білімнің сапасын жылдан-жылға арттырып отыру, қазақстандық білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес қайта құру – әрбір білім ордасына жүктеліп отырған тапсырма.



Осы тапсырмаға сәйкес еліміздегі барлық жоғарғы оқу орындары білім мен ғылымның жаңа деңгейіне көшіп жатыр. Әсіресе техникалық ЖОО-ларға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі ел экономикасының маңызды салаларында қызмет ететін кадрларды шетелдерден тартпай, өзіміздің жоғарғы оқу орындарында даярлауымыз қажет. Бұл туралы

Елбасы шетел инвесторлары кеңесінің 26-отырысында сөйлеген сөзінде айтып өтті: «Инженер мамандардың

құрамы жергілікті мамандардан жасақталуға тиіс. Мемлекет өз тарапынан бұл мекемелерді гранттар арқылы қаржыландыруды жалғастырады. Бұл тәжірибені мұнай-газ саласынан, Атырау мұнай және газ институтынан ... бастауды ұсынамын».

Қазақстан аумағында жұмыс істейтін көптеген шетелдік компанияға білікті мамандар, инновацияға қажетті маман

жетіспейді. Бұл мәселені шешу үшін біз, Елбасы айтқандай, «халықаралық біліктілігі бар инженерлік және техникалық кадрларға сұранысты қамтамасыз етуіміз керек». Осы орайда шетелдік компанияларды білім үдерісіне тарту ісі жолға қойылды. Қазірдің өзінде бірқатар компаниялар жоғарғы оқу орындарына қолдау көрсетіп келеді.

Бұл тәжірибе Атырау мұнай және газ институтында да сәтті жүзеге асырылуда. Институт өңірдің өнеркәсіптік мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Бұл байланысты АтМГИ Қамқоршылар кеңесі жүзеге асырған.



Бүгінде өнеркәсіптік мекемелердің есебінен 240 студент білім алып жатыр. Жұмыс берушілермен жүргізілген жұмыс нәтижесінде «Қазмұнайгаз» БӨ 30 студенттің, СИ-НОПЭК 29 студенттің, «Теңізшевройл» ЖШС 29 студенттің, «Матен Петролеум» АҚ 25 студенттің, Аджип ҚҚО 16 студенттің, «Арнаойл» ЖШС 20 студенттің, «Интергаз – Орталық Азия» АҚ 11 студенттің оқуына қаражат бөлді.

Институттың өңірлік кәсіпорындармен байланысы мұнымен шектелмейді. Студенттердің жыл сайын кәсіптік тәжірибеден өтіп, машықтануларын жүзеге асыру мақсатында жоғарыда аталған компаниялармен өзара келісім-шарттар жасалды. Мысалы, өткен 2013-2014 оқу жылы бойынша институт 69 ұйыммен келісімшартқа отырды әрі студенттердің кәсіби тәжірибеден өтуі туралы 7 меморандумға қол қойылды. Көптеген студент өзара қарым-қатынас негізінде Аджип ҚҚО, «Теңізшевройл» ЖШС, Уорли Парсонс, ИнтергазОрталықАзия, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансГаз-Аймақ» АФ, «Қазақтелеком» АҚ, «Эмбаведьойл» ЖШС, Fluor, «Шлюмберже Лоджелко Инк.», «Halliburton Int.Inc» сияқты ірі компанияларда тәжірибеден өтті.

Мұның барлығы – бүгінгі түлек, ертеңгі мамандардың жұмыс беруші ұйымдардың талаптарына сай келіп, өз ісінің шебері болу үшін жасалып жатқан шаралар. Себебі болашақ жұмыс орны болар мекеменің өміріне араласып, қызмет бағытымен таны-

су, жұмыс тәсілдерін, тәжірибелерін меңгеру студенттердің бойында іскерлік пен біліктіліктің алғашқы дәнін сеуіп, келешек кәсіптеріне деген көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі.

Бұл – АтМГИ қызметінің бір саласы ғана. Білім саласында қызмет етіп жүрген немесе аз да болса жоғарғы оқу орнының жұмысымен таныс адам не болмаса ЖОО қабырғасында білім алып жүрген студент білім беру ұйымдарындағы қызметтің үш тағаннан тұратынын біледі. Олар – білім, тәрбие және ғылым. Сапалы білім мен ғылыми жетістіктерді өндіріске ендіру арқылы экономиканы дамытып, озық елге айналуы мақсат еткен кезеңде

тәрбиенің рөлін жоғары қоюымыз қажет. Себебі демократиялық қоғам, сөз бостандығы сияқты түсініктер адамдарға іс-әрекет пен ой-пікір еркіндігін берді. Еркіндікті әр адам түрліше түсінеді. Бірқатары үкімет жасаған барлық жағдайды пайдалана отырып, өз әлеуеті мен қабілеттерін еркін дамытуға жол ашса, енді бірқатары теріс іс-әрекеттерге бой алдырып жатыр.

Лаңкестік, теріс діни ағымдар, ұлтаралық қақтығыстар, ішкі саяси шиеленістер т.б. жағымсыз оқиғалар белең алып отырған қазіргідей заманда көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары енді қалыптасып келе жатқан жас буынды келеңсіз жағдайлардан сақтап қалу – басты міндеттің бірі. Бұл тұрғыда институттағы біліммен ұштасқан тәрбие жұмыстарының маңызы өте жоғары. Студенттердің бос уақытын пайдалы әрі қызықты өткізу, түрлі шаралар ұйымдастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту бір жағынан, олардың үздіксіз оқудан сергіп, тынығуларына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, бос уақытта туындайтын түрлі ойлардан, нашар ортадан аулақ ұстайды. Бұл жерде тәрбие ісі жөніндегі институт басшылығы мен сабақ беретін педагогтердің, айналасындағы жоғарғы курс және қатарлас студенттердің рөлі жоғары, әсіресе куратор мен студенттер арасындағы байланыстың орны ерекше.

Бірінші курсқа енді түскен, үйреншікті ортасынан ажырап, жаңа





«Жемқорлық әлемдік білім беру тәжірибесіндегі феномен» деген тақырыпта пікірсайыс ұйымдастырды. Сонымен қатар жыл сайын емтихан, аралық бақылау тапсыру кезінде тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі департамент студенттерге «Таза сессия» сауалнамасын жүргізеді. Факультеттер де осы акция аясында түрлі іс-шаралар өткізіп тұрады. Мұндай іс-шаралар қатарына куратор сағаттары, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу, «Заң және жемқорлық», «Жемқорлыққа қарсы әрекет шаралары» тақырыпты бейнероликтер көру және т.б. жатқызуға болады.

Тағы бір айтуға тұрарлық шара – жыл сайын АТМГИ-дің жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша іс-шаралар жоспарының жобасы жасалып, құқық бұзушылықтармен күрес жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылып келеді. Осындай шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру студенттердің сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарастарын қалыптастырады деп нық сеніммен айтуға болады. Ал

келешекте қоғамдық құрылыстың кірпіштері болып қаланатын болашақ мамандардың бойында қазірден бастап заңға деген құрмет, адал еңбек мен шынайы білімге деген оң көзқарас қалыптастыру – елдің жоғарғы өркениет деңгейіне жетуінің бұлжымас кепілі.

Осындай бағытқа бет түзеп, даму жолын, өркендеу жолын таңдаған Атырау мұнай және газ институтында студенттердің еш кедергісіз білім алуы мен оқытушылардың алаңсыз сабақ берулеріне, қызметкерлердің қамсыз қызмет етулеріне барлық жағдай жасалған. Бұл, ең бірінші кезекте, институттың материалдық-техникалық базасымен байланысты. Студенттік қалашық аумағында орналасқан Студенттер сарайы, Спорт кешені, 4 қабатты кітапхана, Студенттер үйі және т.б. құрылыстар институт қабырғасындағы уақытты тиімді әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік береді. Ал факультеттердегі зертханалық кабинеттер мен аудиториялар студенттердің алған білімдерін тәжірибе жүзінде тексеріп,

өмірге аяқ басқан білім алушыны институт қабырғасындағы жаңа ортаға бейімдеу жолында жақсы жанашыр куратордың қасында болуы аса маңызды. Ал жақсы куратор болу адамгершілік қасиеттермен бірге жақсы ұйымдастырылған жұмысқа да байланысты. Осы мәселені шешіп, куратор жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында институттың тәрбие жұмысы және әлеуметтік-әкімшілік мәселелер жөніндегі проректоры мен тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі департамент бірлесіп, Атырау мұнай және газ институтындағы куратордың тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік нұсқаулық жасап шығарды. Осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, өз жұмысын ұйымдастыруда куратор ең алдымен куратордың ар-намыс кодексін және институттың ішкі тәртіп ережелеріне бағынады. Өйткені куратор студентке үлгі болуы тиіс. Ар-намысын бірінші орынға қойып, адал жұмыс атқаратын, түрлі теріс қылықтар мен жемқорлыққа жол бермейтін білімді ұстаз ғана студенттерге сапалы білім беріп, қоғамның беделді тұлғаларын қалыптастыра алады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей,

білім ордаларындағы жемқорлыққа жол бермеу – жасыратыны жоқ, әлі де шешуі келмей жүрген өзекті мәселелердің бірі.

Жыл сайын түрлі шаралар қолданылып жүрсе де, бұл мәселе түбірімен жойылды деп айта алмай-

мыз. Қоғам өзегін жегідей жеген жемқорлықпен күресудің бір ғана амалы – адамдарды, әсіресе өскелең ұрпақты осы алапат кесірге қарсы қойып, санасын өзгерту, жиіркеніш сезімін тудыру, бұл мәселеден құтылмайынша, қоғамымыздың гүлденуі мүмкін еместігін ұғындыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Осы мақсатта Атырау мұнай және газ институтында түбегейлі іс-шаралар атқарылып келеді.

Институт ректорының бұйрығымен жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін Тәртіптік комиссия және «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру мен өткізу бойынша АТМГИ комиссиясы құрылды. Жеті жылдан бері қарай аралық бақылау мен емтихан сессиялары кезіндегі студент құқығын бұзу мәселелері бойынша қызығушылық танытқан тұлғаларға арналған арнайы жәшіктер жұмыс істейді. Ғылыми кеңес шешімімен оқытушының Ар-намыс кодексін сақтау бойынша мониторинг жүргізіледі. Барлық оқу ғимараты мен кафедраларда, тестілеу орталығында осы тақырып бойынша үгіт-насихат плакаттары мен басқа да ақпараттар ілінген. Студенттерге жемқорлыққа қарсы күрес туралы хабарламалар тарататын радиоорталық жұмыс істейді.

Бұл шараларға институт ұжымымен қатар студенттер де белсенді қатысады. АТМГИ-дің «Фибрат-Лидер» студенттік пікірсайыс клубы өздерінің жыл сайынғы жұмыс жоспарларына жемқорлық тақырыбын енгізіп, түрлі пікірталас өткізіп тұрады. Мысалы, клуб мүшелері өткен оқу жылында

шыңдай түсуі үшін барлық жаңа техникамен және технологиялармен жабдықталған. Дегенмен оқу орнын материалдық-техникалық жағынан қазіргі талаптарға сәйкес жоғарғы деңгейде қамтамасыз ету қаржылық қолдауды қажет. Ал АТМГИ-де бұл мәселені ғылыми-зерттеу нәтижелерін өндіріске ендіру, коммерциялау арқылы шешу мүмкіндігі қарастырылуда.

Үш тағанның бірін құрайтын ғылым саласы қазіргі кезде үлкен өріс алып келеді. Ғылымға қызығушылық білдіріп, түрлі ғылыми жобаларға қатысып жүрген студенттер саны да артып келеді. Бұл – қуантарлық жайт.

ЖОО-дағы қызметтік

Институт ғалымдары да ғылыми жобалар дайындап, ҚР Білім және ғылым министрлігінің грантын иеленіп келеді. Мысалы, 2012 жылы техника ғылымдарының докторы, профессор Ә.Кенжеғалиевтің «Каспий теңізі қазақстандық секторының экологиялық жағдайына мұнай іздеу операцияларының ықпалын зерттеу және мұнай дақтары ағуының математикалық үлгісін жасау» жобасы гранттық қаржыландыруға ие болды. Осы жылы да 2014-2017 жылдарға ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру байқауына орай бірнеше жоба дайындалды.

Институттың халықаралық ғылыми байланыстары да дамып, жүйеленген. Алыс-жақын шетелдің ғылыми ұйымдарымен өзара ынтымақтастық орнатылып, бірлескен іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сондай ірі шаралардың бірі – былтырғы оқу жылының аяғында Атырау мұнай және газ институты, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ математика және механика ғылыми-зерттеу институты және Ресей ғылым академиясының Есептеу технологиялар институты, М.А.Лаврентьев атындағы Гидродинамика институтының ұйымдастыруымен өткізілген VIII Қазақстан-Ресей халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болды. Бұдан басқа АТМГИ негізінде мұнай-газ саласындағы өзекті мәселелерге арналған «Нәдіров



оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық семинарлар өткізіліп тұрады.

Сонымен қатар халықаралық байланыс аясында ТМД мен алыс-жақын шетелдің жоғарғы оқу орындары мен ұйымдарымен ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасалды. Олардың арасында Ресей, Украина, Беларусь, Польша, Қытай, Германия сияқты елдердің белді техникалық жоғарғы оқу орындары бар. Осы келісімшарттарға сәйкес әрі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында институт студенттері жыл сайын аталған елдердің оқу орындары мен ұйымдарында кәсіби тәжірибеден өтіп, білімдерін толықтырады.

Бұл, сөз жоқ, Атырау мұнай және газ институтының халықаралық беделін арттырып, жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Мұнай-газ саласы үшін жоғарғы білікті сапалы мамандар даярлауды

Атырау мұнай және газ институтының басты міндеті – оқу сапасын жетілдіру, студенттердің жаңа ақпараттық технологиялар арқылы өндірісті басқару, тілдерді еркін меңгеру дағдыларын қалыптастыру.

жүзеге асыратын

Осы міндетті орындау жолында институт білім сапасын жетілдіріп отыру, жаңа білім бағдарламаларын енгізу бойынша жұмыстар атқарып келеді. Студенттерге шет тілдерді меңгерту мақсатында көптілділік бағдарламасы енгізілді. Жуырда институт 20 білім

бағдарламасы бойынша Білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы Тәуелсіз қазақстандық агенттік жүргізген мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Атырау мұнай және газ институты осы жеңістерімен ғана шектелмек емес. Білім жүйесін жаңғыртып, оқытудың жаңа сатысына көтерілуді мақсат еткен оқу ордасының болашаққа бағытталған ірі жоспарлары бар. Бұл жоспарлар АТМГИ-дің 2012-2017 жылдарға арналған Даму стратегиясында анық көрсетілген. Оларды жүзеге асыру үшін институт білім-ғылым-тәрбие үш тағанды жұмысын одан әрі жетілдіріп, еліміздің индустриалды-инновациялық дамуына өз үлесін қоса бермек.

*Дүйсембек ҚҰЛЖАНОВ,
Атырау мұнай және газ институтының ректоры,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор,
Атырау облыстық мәслихатының депутаты*

АННОТАЦИЯ

В своей статье ректор Атырауского института нефти и газа профессор Д. Кульжанов рассказывает о вкладе руководимого им вуза в реализацию программы индустриально-инновационного развития страны. Все многообразие дел и планов АИНГ направлено на выполнение триединой задачи подготовки высококлассных специалистов под девизом: «Образование, наука, воспитание».